**Бекітемін:** Имаго –

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**2 -апта**

**Білім беру ұйымы**: №116 орта мектеп

**Топ/сынып:МАД «б»**

**Балалардың жасы:** 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 10-14 сәуір, 2023 оқу жылы

| **Ұ. і. ә. кестесі** / **Күн тәртібі** | Дүйсенбі<br>Сөйлеуді дамыту<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Дене шынықтыру | Сейсенбі<br>Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>Қазақ тілі<br>Музыка | Сәрсенбі<br>Математика негіздері Сөйлеуді дамыту<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру | Бейсенбі<br>Сауат ашу негіздері<br>Қазақ тілі<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Музыка | Жұма<br>Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру<br>Сурет салу 0,25<br>Құрастыру 0,25<br>Мүсіндеу 0,25<br>Жапсыру 0,25 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Сәлеметсіз бе?!<br>Демалысың қалай өтті? | Қайырлы күн! | Қош келдің! | Сәлем, көңіл күйің қалай? | Армысың, алтын күн! |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Кешенді жаттығу. №1** | **Кешенді жаттығу. №2** | **Кешенді жаттығу. №3** | **Кешенді жаттығу. №4** | **Кешенді жаттығу. №5** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Қимылды ойын: «Маған қарай лақтыр»**<br>**Мақсаты:** балалардың қимыл дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** бала тәрбиешіге қарама- қарсы еденде отырады.Тәрбиеші допты балаға домалатады және айтады: «Допты ұстап алып маған қарай лақтыр». Бала допты ұстап алып тәрбиешіге береді.<br>Керекті құралдар: доп. | **Дидактикалық ойындар:**<br>**«Телефон»**<br>**Мақсаты:** естіген өзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты Сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.<br>**Көрнекілік:** телефон.<br>**Ойын шарты:** телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізесіндер. Айтылған сөзді құлаққа ешкім естімейтіндей етіп айтуы-мыз керек. Егер телефон үзіліп қалса, телефонды | **Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар.**<br>**«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»**<br>**Мақсаты:** суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.<br>Сөздік қорын молайту.<br>**Көрнекіліктер:** теледидар, әр түрлі жануарлар, құстар, аңдар суреттері.<br>**Ойын шарты:** әр түрлі аңдар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінің сұрайды. Олардың немен қоректенетінің айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін, тапсырманы | **Қимылды ойын:**<br>**«Мекиен және балапандар»**<br>**Мақсаты:**балаларды ептілікке, жылдамдыққа, зейін аударуға тәрбиелеу.<br>Ойын барысы: Балалар отырады немесе тұрады. Екінші жағында жіппен бөлінген бөлігінде балапандар мен мекиендер жүреді.Бір жағында үлкен тауық (балалардың біреуі) болады. Мекиен жіптің бері жағына шығып, өзіне тамақ іздеуге шығады. Мекиен балапандарды өзіне шақырады: «Ко-ко-ко». Жіптің бер жағына олар серуендеуге шығады. Тәрбиеші белгі берген кезде: « үлкен құс | **Дидактикалық ойын:**<br>**«Бұл қай мезгіл?»**<br>**Мақсаты:** күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу.<br>Сөздік қорын байыту.<br>**Көрнекіліктер:** күзгі жапырақтар, суреттер.<br>**Ойын шарты:** күзгі бау-бақшадағы жемістер Мен көкіністердің аттарын атап, пішіндерін, түстерін ажыратады. Күздегі егін жинауды өмірмен байланыстыра айтады. Күзгі жапырақтардың түстерін ажыратады.<br>Олардың ерекшеліктеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үзген бала айыбын төлейді.<br>(Мысалы: мақал, өлең, т.б. білгенін айтуға болады).<br>Телефон арқылы екі бала:<br>Алло! Сәлеметсің бе, Адина?<br>Иә Сәлеметсің бе? Бұл кім екен? Не істеп жатырсың? | түрлендіруге<br>болады. Олар туралы балалардың білетін өлең, жұмбақтарын айтқызады. | ұшып келеді!», балапандар үйлеріне қарай жүгіреді. Ұсталған балапандар ойыннан шығады. Керекті құралдар: жіп немесе скамейка. | тоқталады.<br>Күзгі ауа- райының ерекшелігін айтады. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту (**Мен ғарышкер боламын)<br>**Міндеті**«Қ» – «Ғ» дыбыстарын таныстыру.<br>Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беред, мақал-мәтел , жаңылтпаштыжаттап айтады;<br>**Дидактикалық ойын:** «Мамандықты анықта». Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады.<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бас бармақ» әдісі<br><br>**2. Математика негіздері** ((Кім қайда тұр?) | **1.Сауат ашу** (Дыбыстық талдау)<br>**Міндеті:** Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** суреттегі дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып, буынға бөледі; дауыссыз, дауысты дыбыстарды екі топқа бөліп ажыратады, дыбыстық талдау жасайды.<br>**Дидактикалық ойын:** «Тиісті белгіні көтер» Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл түсті дөңгелекті көтереді.<br>Мысалы: (а, ө, о , і, и, ұ, ы, ә, е, у, э, ү) | **1. Математика негіздері (**Қағаз бетінде бағдарлау)<br>**Міндеттері:** Кеңістікте орналасу ұғымдарын, жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада түсініктерін бекіту.<br>. **Күтілетін нәтиже:** :«жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» сөздерін айтуды біледі.<br>**ЕБҚ тапсырма:** Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бағдаршам» әдісі<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту (**Мен ғарышкер боламын)<br>**Міндеті.** Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру,тілдерін дамыту.<br>Еңбекқорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу<br>**Күтілетін нәтиже:** өлеңнің мазмұнын, "қ" ,"ғ" дыбыстарының дұрыс айтылу артикуляцсиясын түсінеді;<br>**Дидактикалық ойын:** Мамандықты анықта». Шарты: | **1. Сауат ашу** (Дыбыстық талдау)<br>**Міндеттері:** Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады.<br>**Дидактикалық ойын:** : «Жуан дауысты дыбысты тап» – Балалар, мен сендерге сөздерді айтамын, сендер жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар.<br>Мысалы: гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, оқтау, аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алпамыс,<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі<br><br>**2. Қазақ тілі (** Дене | **1. Сауат ашу (**Сөздің дыбыстық сызбасы)<br>**Міндеттері:** Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** берілген бірінші буынға сөз айтады, сөздің дыбыстық сызбасын анықтайды.<br>**Дидактикалық ойын:** Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр» – Балалар, мен айтқан сөйлемді сендер мағынасына қарай жалғастыруларың керек. Ойын шарты: педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: Педагог: Балалар: Анам үйге кірді. Інім картоп аршыды. Атам сиырды суғарды. Алма өте дәмді. Өзен қыста қатады.<br><br>**2.Көркем әдебиет** **(**Наурызкөже (Серік Нұғыманның әңгімесі)) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеттері:** Жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада ұғымдарымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** «Қайда орналасқан?» сұрағына жауап беру үшін қандай затқа қатысты сұрақ қойылғанын білу қажеттігін<br>**Дидактикалық ойын:** «Не өзгерді?» ойыны.<br>Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр.<br>Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады.<br>Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр. Және т.б.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі<br><br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру** (Өсімдіктерді қалай күту қажет?)<br>**Міндеті:** Балалардың өсімдіктерге күтім жасау, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Күтілетін нәтиже:** бөлме гүлдері мен дала гүлдерінің бірнеше түрін атап береді. | **2. Математика негіздері** (Кім қайда тұр?)<br>**Міндеттері:** Қоршаған ортада бағдарлануға (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада); белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** қоршаған ортада бағдарлана алады (жоғары, төмен, сол жақ, оң жақ, ортада), орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды.<br>**Дидактикалық ойын:** «Не өзгерді?» ойыны.<br>Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр.<br>Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады.<br>Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр. Және т.б.<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бағдаршам» әдісі<br><br>**3. Қазақ тілі** (Ұлттық киім)<br>**Міндеті:** Ұлттық киімдермен таныстыру, олардың қазақша атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру. | суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бас бармақ» әдісі<br>**3. Көркем әдебиет** (Наурыз (Қастек Баянбайдың өлеңі))<br>**Міндеті:** Ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту.<br>Сөздік қорын байыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** Наурыз мерекесі туралы өлеңді жатқа айтады;<br>**Дидактикалық ойын:** Ауладағы гүлдер<br><br>**4.Дене шынықтыру** («Жан-жағыңа жылулық сыйла!»)<br>**Міндеті:** Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, шеңбердің ішіне немесе шеңбердің сыртына екі аяқтап секіру, қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтау, кеңістікті барлау.<br><br>**1. Ұйымдастыру кезеңі «Жан-жағыңа жылулық сыйла».**<br>«Балалар, бір-біріңнің көздеріңе жылулықпен қарасаңдар, сол жылулықты жүректеріңмен, алақандарыңмен сезінесіңдер. Кәне, сезесіңдер ме? Енді | мүшелерінің атқаратын қызметі)<br>**Міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру.<br>Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білудағдыларын жетілдіру.<br>**Күтілетін нәтиже:** дене мүшелерінің атқаратын қызметін ажыратып қазақша атайды, жаңасөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс қайталайды.<br>**Дидактикалық ойын:** Дидактикалық ойын: «Не көріп тұрсың?»<br>Қуыршақтың дене мүшелерін атаймыз.<br>Мынау – басы. Мынау – қолы. Мынау – аяғы. Бұлар – дене мүшелері.Жаңа сөздермен таныстыру.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бағдаршам» әдісі<br><br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру** (Өсімдіктерді қалай күту қажет?)<br>**Міндеті:** Танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылығын дамыту.<br>**Күтілетін нәтиже:** өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін біледі. | **Міндеті:** Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде салт-дәстүр туралы түсінік беру.<br>**Күтілетін нәтиже:** әңгімеге қызығушылық танытады<br><br>**Дәптермен жұмыс**<br><br>**3.Дене шынықтыру** («Мұздағы ойын»)<br>**Міндеті:** Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру.<br>**Жағдайдың өзгеруіне қарай бағытты өзгерте алуды жалғастыру.**<br>**Күтілетін нәтиже:** кеңістікті бағдарлау, жағдайларға байланысты қозғалыс кезінде бағытты өзгерте алу дағдыларын.<br><br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Тренинг-ойын: «Өзіңді тыңда»<br>«Өзіңе қалай ыңғайлы, солай тұр. Көздеріңді жұмыңдар. Не естідіңдер? Сендерге не кедергі жасайды? Қандай дыбыстар кедергі жасайды? Сендерге шыныққан, дені сау болуға не кедергі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру** («Өз бетімізбен жаттығамыз»<br>**Міндеті:** Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау. Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру.<br>**Күтілетін нәтиже**: түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, шеңбердің ішіне немесе шеңбердің сыртына екі аяқтап секіру, қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтау, кеңістікті барлауды.<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Ойын жаттығулары «Тыңда, орында»<br>Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді, бірақ түсіндірмейді. Ал балалар ол қимылдарды ретімен қайталайды.<br>**Негізгі кезең**<br>Бір-бірден тізбекке тұру. Қолдарды ауыстырып, | Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** ұлттық киімдерді, сөйлемдерді қайталайды<br>**Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.<br><br>**4.Музыка** («Қайырлы таң»)<br>**Міндеттері:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру. Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.<br>**Күтілетін нәтиже:** әуенге ілесіп би қимылдарын жасайды<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Жеңіл би» (Т. Ломова). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру. | әрқайсысымыз қасымыздағыларға жылы лебіз білдіріп, ізгі ниеттер айтайық. Айтқан сөздерден жүрек жылуы бойымызға тарап, алақандарымыз ысып бара жатыр»<br>**2. Негізгі кезең**<br>Жай жүріс пен аяқтың басымен қолдарын жоғары көтеріп жүруді, өкшемен қолдарын екі жаққа созып жүруді, аяғын бүгіп қолдарын беліне қойып жүруді, аяқтарын қолымен артқа сілкіп қағып жүруді кезектестіру. Тізбекпен жылдамдықты өзгерте отырып жүгіру.<br>**Тыныс алуды қалыпқа келтіру.**<br>Төрт-төрттен тізбекке қайта тұру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»**<br>Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша | **4.Музыка** («Қайырлы таң»)<br>**Міндеттері:** Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұнын элементтерімен байланыстыру. Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.<br><br>**Күтілетін нәтиже:** әуенге ілесіп би қимылдарын жасайды<br><br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** Жеңіл би» (Т. Ломова). Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту, серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру<br>«Жеңіл би» | болуы мүмкін?»<br>Балалар қоршаған ортадағы денсаулыққа зиянды, жағымсыз факторларды атап айтады. Денсаулығын қалыптан тыс жабдықтарды пайдаланып, нығайту ұсынылады».<br>**Негізгі кезең**<br>«Ине-жіп»<br>Бір-бірден тізбекпен бұраландап (ирелеңдеп) жүру. Жүріп келе жатып, бағытты өзгертуге назар аударту – геометриялық фигуралар түрінде көрсету: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақ.<br><br>**4.Шығармашылық (құрастыру,мүсіндеу, сурет,жапсыру)**<br>**Мүсіндеу ( кеме)**<br>**Міндеттері:** Мүсіндеудің созу, тегістеу, сылау сияқты техникалық әдістерін қолдануға, түстерді анық қабылдай білуге, ермексазды дұрыс қолдануға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** , ермексазды дұрыс қолданады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жартылай отырып, тапсырмаларды орындау. Бір тізбекке сап құрып жүру. Қолдарын еркін ұстап, ырғақпен қимылдауға тырысады. Үш-үштен тізбекке қайта тұру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұсталып қалма!»**<br>Ойыншылар еденге шеңбер жасап қойылған жіп бойымен тұрады. Шеңбер ортасында екі бастаушы тұрады. Педагогтің белгісімен балалар алдымен екі аяқтап шеңберге, сосын шеңберден сыртқа секіреді.<br>Бастаушылар оларды тек шеңбердің ортасында ғана ұстай алады.<br>«Ұсталған» ойыншы ойыннан шығады. | | жалғаса береді. | | |
| **Серуен** | **Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>— табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**«Кім | **Ағаш ақ қайыңға бақылау**<br>- Табиғатта ағаштардың бірнеше түрі бар. Солардың бірі – Ақ қайың. Өте сұлу, ұзын бойлы ағаш. Сыртқы қабығы қара дақтары бар, ақ түсті болады. Олар саябаққа ерекше сән береді.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға ағаштар, оынң ішінде ақ қайың жайлы | **Желді күнге бақылау**<br>- Көктемде ауа-райы сан құбылады. Бірде жылы, бірде жауынды, енді бірде желді болады. Жел – жылы ауа мен суық ауаның бір-бірімен қабаттасуынан пайда болады. Жел қатты болса ағаштарды құлатып, жерді құрғатып жібереді. Дегенмен, желдің де адам үшін пайдасы бар. Ол ауаның тазарып отыруына септігін тгізеді. және жауынның пайда болуына да | **Ауаға бақылау**<br>- Балалар, біз бәріміз білеміз ауа болмаса ешбір тіршілік те болмайды. Біз бір сәт тыныс алмай тұрсақ тұншығып қаламыз. Ауасыз тіршілік жоқ. Ол адамға, жануарларға, өсімдіктерге, тіпті, отқа да ауа керек. Ауа біздің көзімізге көрінбейді. Ауаның кездеспейтін жері жоқ. Ол суда да болады. Онымен су асты өсімдіктері, балықтар тыныстайды. Ауа – оттегі, | **Ауа-райына бақылау**<br>Ауа-райына, көктемгі табиғаттың құбылыстарына, күн шуағына, аспанға, бұлттарға, желге.<br>**Мақсаты:**<br>Ауа-райы құбылыстарын ажырата білуге үйрету. Балаларға ойын алаңында күн сәулесінің мол және аз түсіп тұрған жерлеріне назар аудартып, ауа-райының желді немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>**Жаттығу ойыны:**<br>Орнында тұрып биіктікке секіру.<br>Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу. | түсіндіру. Тілдерін дамыту. Өз бетінше әңгімелей алуға, сипаттап беруге үйрету. Ағаштың пайдасын айтып, түсіндіру. Ағаштарды қорғауға үйрету | ықпалын тигізеді.. Өйткені, желменен бұлттар жиналады. Балалар, байқап қарандаршы, бүгінгі ауа-райы қандай екенін желдің бағытын<br>**Мақсаты:**<br>Көктемгі ауа-райының өзгерісіне назар аудару. Табиғат құбылысының өзгерісіне қарау. Желдің пайда болуын түсіндіру. Желдің күшін, бағытын бағдарлай алуға баулу. Өз бетінше суреттеп айтып бере алуға үйрету. | көмірқышқыл газы, азот, басқа да көрінбейтін газдардан тұрады **Мақсаты:** Ауа жайында толық мәлімет беру. Оның құрамы жайында, пайдасы жайында, кездесетін ортасы жайында айтып, ұғындыру. Ауаны ластамауға баулу. | ызғарлы екенін ажырата алуға үйрету.<br>**Сұрақтар:**<br>-Ауа-райы желді ма?<br>-Тымық па?<br>-Жаңбырлы ма?<br>-Күн бұлтты ма? |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Сау болыңыз! | Кездескенше! | Ертеңге дейін,...! | Амандықта жолығайық! | Жақсы демалыңыздар! |